

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 шілдеде № 4910 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 51 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 22.01.2015 № 51 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық Кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару Кодексінің 30-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ауыл және ауылдық округтерінің әкімдері № 1 және № 2 Қарасу аудандық қылмыстық-атқару инспекциясымен келісілген қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін Қарасу ауданының № 1 сотына, № 2 сотына тоқсан сайын ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Ғ. Әлімжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы  
Т. Бекмағанбетов  
КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы бойынша  
қылмыстық-атқару жүйесі  
департаментінің № 1  
Қарасу аудандық  
қылмыстық-атқару

инспекциясының инспекторы

\_\_\_\_\_ Д. Ерғалиев

Қостанай облысы бойынша  
қылмыстық-атқару жүйесі  
департаментінің № 2  
Қарасу аудандық  
қылмыстық-атқару  
инспекциясының инспекторы

\_\_\_\_\_ Е. Әбдіғалиев

Қарасу ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 12 маусымдағы  
№ 153 қаулысына қосымша

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде  
жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға  
арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері**

1. Аумақты қоқыстан тазарту.
2. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.
3. Аумақты қардан тазарту.
4. Аумақты мұздан тазарту.
5. Аумақты арам шөптерден тазарту.
6. Жас бұтақтарды кесу.
7. Ағаштарды кесу.
8. Ағаштарды әктеу.
9. Ағаштар отырғызу.
10. Ғимараттарды әктеу.